



Габидулин Р.М.

**Павлодар облысы
Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі»
КМҚК студенттер медиация қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер.

1.1. Осы Ереже:

- Қазақстан Республикасы Конституциясына,
 - бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясына,
 - бала құқығын қорғау және ынтымақтастық туралы Конвенцияларына (1980,1996,2007 жж. Гаага қ. жасалған)
 - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-III Заңына (2021 жылғы 8 қаңтардың толықтырулар және өзгертулермен),
 - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне,
 - Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» кодексіне
 - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Медиация туралы» № 401-IV Заңына.
- «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК (одан әрі Мекеме) Жарғысына сәйкес әзірленген. Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ Медиация орталығы, Павлодар облысының соты мен «Павлодар облысының білім беру басқармасы» ММ арасында және «Мектеп / колледж - кекілжіңсіз аумақ» жобасы аясында 2017 жылғы 9 қарашада жасалған Меморандум негізінде.

1.2. Студенттер медиация қызметі (бұдан әрі - СМҚ) - бұл білім беру мекемесінде (бұдан әрі - Мекеме) құрылған және мектеп медиациясының тәсілдері мен негіздерін меңгерген, білім беру ұйымдарының қызметкерлерінен, студенттер мен олардың ата-аналарынан құрылған қызмет. Оның қызметі семинарлар мен тренингтер арқылы кикілжіңдердің, қоғамға жат көріністердің, құқық бұзушылықтардың салдарымен жұмыс істеуге бағытталған іс-шаралар мен профилактикалық жұмыс кезінде коммуникативтік дағдылармен конструктивті мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған.

1.3. СМҚ жұмысының нәтижесі және дауға түскен тараптардың кол жеткізілген келісімі кикілжің немесе құқық бұзушылық бойынша әкімшілік шешімдер шығарған жағдайында есептелуі тиіс.

1.4. СМҚ жедел әрекет етудің басымды әдісі болып табылады; яғни, даулы тараптарға ең алдымен медиация қызметіне жүгіну ұсынылады, ал олар бас тартқан не дауды келіссөз жолымен және медиация шеше алмаған жағдайда Мекеме дауды шешудің әдістерін және/немесе ықпал ету шараларын қолдана алады.

2. Мектеп медиациясы қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Медиация қызметінің мақсаты:

- балалар мен жас өспірімдердің толыққанды дамуы және әлеуметтенуі үшін, гуманистік және қауіпсіз кеңістікті (ортаны) қалыптастыру;
- білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында олардың құқықтық мәдениетін, дербестігін, жауапкершілігін, әлеуметтік нормативтілігін арттыру мақсатында мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

- бала өмірінде қолайсыз сценарийлердің алдын алу, әсіресе қиын өмірлік жағдайларда, соның ішінде оның заңға қайшы келуін болдырмау мақсатында отбасымен және мектептің, сондай-ақ балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасайтын басқа мекемелермен өзара әрекеттесу;

2.2. СМҚ міндеттері:

- СМҚ мүшелерін сапалы оқыту.

- Мекемедегі даулы және кикілжің мәселелер бойынша медиация рәсімдерін ұйымдастыру және жүргізу.
- Мекемедегі кикілжіңнің алдын алу және шешу мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беруді ұйымдастыру және өткізу.
- Мекеме оқушылары, ата-аналары мен оқытушылары арасында білім беру саласындағы кикілжіңдердің алдын алу және шешу тәжірибесін тарату бойынша атаулы ағарту қызметі (семинарлар, конференциялар, ашық диалог алаңдары).

3. Медиация қызметі жұмысының принциптері

3.1. Медиация қызметінің жұмысы келесі принциптерге негізделген:

- делдалдық рәсімдерінде, сондай-ақ жеке кеңес беруді ұйымдастыру кезінде дауға тартылған тараптардың еркін қатысуын көздейтін еріктілік принципі;
- мектептегі медиация қызметінің медиация барысында алған мәліметтерді жарияламау міндеттемесін көздейтін құпиялылық принципі. Ерекшелік - өмірге, денсаулыққа және қауіпсіздікке мүмкін зиян туралы ақпарат;
- мектептегі медиация қызметіне дауға қатысушылардың бірін қабылдауға рұқсат етпейтін бейтараптылық принципі. Бейтараптылық сол немесе өзге тараптың кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені емес, барлық тараптарды қанағаттандыратын шешімді өздігінен табуға көмектесетін тәуелсіз делдал болып табылатынын көздейді.
- рәсімге қатысушылар дау тараптарының мәртебесі мен жасына қарамастан тең құқықтар мен тең міндеттерге ие болған тараптардың теңдік қағидасы;
- медиация есірткіні тарату және тұтыну, қаруды сақтау мен қолдану, сексуалды алымсақтық және зорлықпен байланысты жағдайларда қолданылмайды;
- медиативті технологиялар бойынша оқудан өтпеген адамдарға медиация рәсімін өткізуге жол берілмейді.

3.2. ММҚ жұмысының негізгі бағыттары:

- оқушылар, олардың ата-аналары және педагогикалық құрам арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізу (медиация туралы);
- білім беру ұйымдарында туындайтын жан-жақты бағытты кикілжіңдерді шешу;
- даудың туындауын болдырмау, олардың пайдалануын төмендету;
- балаларда, жасөспірімдерде, педагогтар мен ата-аналарда коммуникативтік білімді қалыптастыру (дауды конструктивті шешу);
- балалар мен жасөспірімдер арасында әлеуметтік ауытқушылықты алдын алу (панасыздық пен қараусыздық, нашарлық, маскүнемдік, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы);
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалармен және отбасылармен алдын алу және түзеу жұмыстары;
- мектеп пен оқушылар медиациясын ілгерілету бойынша жұмыс тобымен тығыз ынтымақтастық.

4. Медиация қызметін қалыптастыру тәртібі.

- 4.1. СМҚ құрамына педагогикалық ұжым мүшелері (директордың орынбасары, әлеуметтік педагог, және т.б. 2 өкілден кем емес) және 7-11 сынып оқушылары («тең топтар»), ата-аналар және оларды алмастыратын тұлғалар кіреді. СМҚ барлық мүшелері міндетті түрде медиация рәсімдерін өткізу бойынша оқудан өтуі тиіс;
- 4.2. Қызмет жетекшісі (тәлімгері) медиация рәсімдерін (медиативті құзыретті) жүргізу бойынша оқудан өткен директордың орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог немесе өзге де педагогикалық қызметкер болуы мүмкін және оған Мекеме директорының бұйрығымен мектептегі медиация қызметін жетекшілік ету бойынша міндеттер жүктеледі.
- 4.3. СМҚ құрамына енген баланың ата-аналары оның қызметінде бітістіру рәсімдерінің бітімгері ретінде келісімін береді.
- 4.4. СМҚ мүшелік мәселелер және осы Ережемен реттелмеген басқа мәселелер ММҚ мекемесі дербес қабылдаған жарғымен, бірақ мақсатына, міндеттеріне және медиация принциптеріне сәйкес анықталуы мүмкін.

5. Мектептегі медиация қызметінің жұмыс тәртібі

- 5.1. СМҚ педагогтерден, оқушылардан, Мекеме әкімшілігінен, ата-аналардан даулы немесе қылмыстық сипат жағдайы туралы ақпаратты алуы мүмкін (ауызша немесе жазбаша түрде сенім жәшігі арқылы);
- 5.2. СМҚ әр нақты жағдайда конструктивті әңгімелесу рәсімдерін жүргізу мүмкіндігі туралы шешімді өздігінен қабылдайды. Қажет болған жағдайда Мекеме әкімшілігін қабылданған шешім туралы хабардар етеді;
- 5.3. Бітістіру рәсімі осы рәсімде қатысуға жанжалданушы тараптардың келісімі жағдайында басталады. Егер бір немесе екі тараптардың әрекеті құқық бұзушылық немесе қылмыс ретінде сараланса, медиацияны жүргізу үшін ата-аналардың келісімі немесе олардың кездесуге қатысуы қажет;
- 5.4. Ересектер мен балалар арасындағы даулы жағдайларда оқушының - дауға қатысушының ата-аналарына (немесе оларды алмастыратын адамдарға) хабарлап медиация рәсімін жүргізуге рұқсаты қажет.
- 5.5. СМҚ әрбір жеке жағдайда бағдарламаның өткізу мерзімі мен кезеңін өздігінен анықтайды;
- 5.6. Егер бітістіру рәсімі барысында дауға түскен тараптар келісімге келсе, қол жеткізілген нәтижелер жазбаша келісімде белгіленуі тиіс;
- 5.7. СМҚ қызметі келісімде тараптармен өзіне алған міндеттерді орындауға бақылауды жүзеге асырады, бірақ олардың орындалуына жауапты емес. Міндеттерді орындағанда туындаған проблемалар кезінде СМҚ тараптарға қиыншылық себептерін және оларды жеңу жолын ұғынуға көмек көрсетеді.
- 5.8. Қажет болған жағдайда дауға түскен тараптардың келісімі бойынша СМҚ тараптар келісімінің көшірмесін медиация рәсімдерін ұйымдастыру мен өткізуге сұраныс түсірген ұйымға, Мекемеге (бастамашыл топқа) беруі мүмкін.
- 5.9. Қажет болған жағдайда СМҚ қатысушыларға қосымша бітістіру бағдарламаларын жүргізуге (сондай-ақ жекеше және топтық кеңес беру), туындаған проблемалар бойынша қосымша құқықтық және әдістемелік ақпаратқа қолжетімділікке ықпал жасайды;
- 5.10. СМҚ қызметі құпия принциптерін сақтай отыра қызметтің ішкі құжаттары болып табылатын журналдар мен есептерде белгіленеді;
- 5.11. Медиация психологиялық пронекура емес, сондықтан ата-аналар жағынан міндетті келісімді талап етпейді.

6. ММҚ жұмысын ұйымдастыру

- 6.1. СМҚ Мекеме әкімшілігімен келісе отырып, төлемдер мен бітімгершілік рәсімдері үшін үй-жай, сонымен қатар мекеменің басқа ресурстарын - жабдық, кеңсе техникасы, ақпарат құралдары және басқаларын пайдалану мүмкіндігін ұсынады..
- 6.2. Мекеме әкімшілігі мектептегі медиация қызметіне педагогтер, оқушылар және ата-аналар арасында СМҚ жұмысы туралы ақпаратты таратуға ықпал етеді.
- 6.3. Мекеме әкімшілігі СМҚ жұмыс тобымен, әлеуметтік қызметтермен және басқа ұйымдармен өзара байланыс жасауына, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру және СМҚ мүшелері үшін оқуына жағдай жасайды.
- 6.4. Егер қылмыстық іс қозғау фактісі бойынша медиация жүргізілген жағдайда, Мекеме әкімшілігі және СМҚ бітістіру келісімін іс материалдарына, сондай-ақ мүліктік зиянды ерікті толтыруды және басқа тараппен келтірілген зиянды реттеуге бағытталған өзге де әрекеттерді куәландыратын, тараптарды сипаттайтын материалдар ретінде өзге де құжаттарға қатыстыру туралы өтініш ете алады.
- 6.5. СМҚ мектепте дауды төмендету бойынша ұсыныстарды әкімшілікке қарастыруға енгізеді.

7. Қорытынды ереже

- 7.1. Осы Ереже мекеме басшысымен бекітілген сәттен бастап өз күшіне енеді.
- 7.2. Осы Ережеге өзгерістер СМҚ ұсыныстары бойынша Мекеме басшысымен енгізіледі.